# Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша 2015 жылға арналған егжей-тегжейлі жоспар туралы

Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 4 Шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы ақпаратын назарға ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі **шешті:**

1. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша 2015 жылға арналған қоса беріліп отырған егжей-тегжейлі жоспар бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Армения Республикасынан<br>В. Габриелян** | **Беларусь Республикасынан<br>В. Матюшевский** | **Қазақстан Республикасынан<br>Б. Сағынтаев** | **Ресей Федерациясынан<br>И. Шувалов** |

Еуразиялық экономикалық комиссия<br>Кеңесінің 2015 жылғы 4 ақпандағы<br>№ 4 шешімімен<br>БЕКІТІЛГЕН

# Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ЖОСПАР

| Іс-шараның атауы | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы | Жоспарланып отырған нәтиже |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту" | | | |
| 1.1. Мүше мемлекеттердің заңнамасы мен халықаралық практикада "бірыңғай терезе" тетігінің сипаттамасында пайдаланылатын терминдерді салыстыру | 2015 жылғы II тоқсан | Еуразиялық экономикалық комиссия ( бұдан әрі – Комиссия), Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) | салыстырма кесте |
| 1.2. Сыртқы экономикалық қызметпен | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| байланысты мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді модельдеудегі және талдаудағы мүше мемлекеттердің тәсілдерін келісу | | | |
| 1.2.1. Сыртқы экономикалық қызметпен байланысты мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді, оның ішінде мүше мемлекеттердегі тиісті әдістемелер мен нұсқаулықтарды (олар болған кезде) талдау тәсілдерін зерделеу | 2015 жылғы сәуір | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.2.2. Комиссия мен мүше мелекеттер сарапшыларының қатысуымен, сыртқы экономикалық қызметпен байланысты мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді модельдеу мен талдау жөніндегі оқыту семинарын өткізу | 2015 жылғы мамыр-маусым | Комиссия, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы,<br>мүше мемлекеттер | семинар өткізу |
| 1.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін бағалау әдістемесін әзірлеу | | | |
| 1.3.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін бағалау үшін объектіні (объектілерді) айқындау | 2015 жылғы мамыр | Комиссия, мүше мемлекеттер | бағалау әдістемесінде ескеріледі |
| 1.3.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін бағалау мақсатында басым экспорттық, импорттық және транзиттік операциялар тізбесін айқындау | 2015 жылғы шілде-тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | бағалау әдістемесінде ескеріледі |
| 1.3.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін бағалау мақсатында сыртқы | 2015 жылғы маусым | Комиссия, мүше мемлекеттер | Бизнес-процестер кластерлерінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| экономикалық қызметті реттеу салаларының тізбесін айқындау | | | матрицасы (бағалау әдістемесінде ескеріледі) |
| 1.3.4. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін бағалау әдістемесін бекіту | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия | Еуразиялық экономикалық одақ ( бұдан әрі – Одақ) органының актісі |
| 1.4. Әзірленген әдістемеге сәйкес " бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін талдауды жүргізу | | | |
| 1.4.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін енгізу және дамыту жөніндегі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне талдау жүргізу | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.2. Мүше мемлекеттерде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің қамтылу саласын талдау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.3. Осы жоспардың 1.4.1-тармағына сәйкес сыртқы экономикалық қызметпен байланысты қолданыстағы мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді, оларды автоматтандыру дәрежесі мен деңгейін талдау. Қағаз жеткізгіштегі құжаттардан электрондық құжаттарға көшу кезінде "тар жерлерді" айқындау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.4. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарда қамтылған мәліметтерді үндестіру және барынша азайту мүмкіндіктерін талдау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.5. Электрондық түрде міндетті төлемдерді төлеу практикасын және "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктері шеңберінде | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |

| | | | |
|---|---|---|---|
| осындай қызметті көрсету мүмкіндігін талдау | | | |
| 1.4.6. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігі порталын мүше мемлекеттерде құрудың техникалық мүмкіндіктері мен құқықтық негіздерін айқындау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.7. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін құруға бағытталған ұлттық жобалардың мақсатын ( нысаналы көрсеткіштерін ) айқындау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.8. "Бірыңғай терезе" оқшауланған тетіктерін дамыту жөніндегі қабылданған ұлттық бағдарламаларды зерделеу. Оларды " бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің бірыңғай жүйесіне интеграциялау қажеттігін бағалау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.4.9. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің күшті және әлсіз жақтарын, даму мүмкіндіктері мен перспективаларын талдау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 1.5. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің даму жай-күйін бағалау нәтижелерін жинау және қорыту. Сыртқы экономикалық қызметпен байланысты мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша, сондай-ақ "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөнінде әрбір мүше мемлекет бойынша қорытындылар әзірлеу | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | әрбір мүше мемлекет бойынша ұсынымдар |
| 1.6. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетегінің этолондық моделінің функциялары мен сәулетін егжей-тегжейлі сипаттауды, ұлтүсті | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| сегментін ескере отырып, осы эталондық модельде қамтылатын мемлекеттік рәсімдер мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу және бекіту | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Комиссия Кеңесі шешімінің жобасын дайындау барысы туралы анықтама |
| 1.7. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін әзірлеу, енгізу және оңтайландыру | | | |
| 1.7.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту тұжырымдамасын жасау және пысықтау | 2015 жылғы желтоқсан | мүше мемлекеттер | "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту тұжырымдамасы |
| 1.7.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын ("жол карталарын") дайындау | 2015 жылғы желтоқсан | мүше мемлекеттер | "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын ("жол карталарын") дайындау жөніндегі аралық есеп |
| 1.7.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін енгізудің пилоттық жобаларын іске асыру | 2015 жылғы желтоқсан | мүше мемлекеттер | пилоттық жобаларды іске асыру жөніндегі аралық есеп |
| 2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі тәсілдерді жақындастыру | | | |
| 2.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі тәсілдерді жақындастырудың басым бағыттарын айқындау | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | қорытынды |
| 3. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті электрондық құжаттарды өзара тану | | | |
| 3.1. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдау және Одақ құқығына кіретін актілер мен мүше мемлекеттердің заңнамасына құжаттардағы мәліметтерді біріздендіру және үндестіру мақсатында өзгерістер енгізу қажеттігін бағалау | | | |
| 3.1.1. Одақтың құқығына кіретін актілер мен мүше мемлекеттердің заңнамасына, қамтылған мәліметтерді | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| біріздендіруге және үндестіруге бағытталған өзгерістер енгізу қажет құжаттарды айқындау мақсатында талдау жүргізу тәсілдерін келісу | 2015 жылғы шілде-тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 3.1.2. Одақтың құқығына кіретін актілер мен мүше мемлекеттердің заңнамасын, қамтылған мәліметтерді біріздендіруге және үндестіруге бағытталған өзгерістер енгізу қажет, мемлекеттік реттеудің мынадай:<br>кедендік реттеу;<br>валюталық ретттеу;<br>салықтық реттеу;<br>кедендік-тарифтік реттеу;<br>тарифтік емес реттеу;<br>техникалық реттеу;<br>саниатриялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шаралар;<br>қаржылық (банктік, сақтандыру) қызметтер көрсету;<br>көлік және тасымалдау;<br>зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау салаларындағы құжаттарды айқындау мақсатында талдау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | қорытынды |
| 3.1.3. Сыртқы экономикалық қызметті, оның ішінде халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардағы мәліметтерді біріздендіру және үндестіру дәрежесі мен мүмкіндігін бағалау тәсілдерін келісу | 2015 жылғы шілде-тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 3.1.4. Сыртқы экономикалық қызметті, оның ішінде халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыру үшін | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қажетті, мемлекеттік реттеудің мынадай:<br>кедендік реттеу;<br>валюталық реттеу;<br>салықтық реттеу;<br>кедендік-тарифтік реттеу;<br>тарифтік емес реттеу;<br>техникалық реттеу;<br>саниатриялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шаралар;<br>қаржылық (банктік, сақтандыру) қызметтер көрсету;<br>көлік және тасымалдау;<br>зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау салаларындағы құжаттардағы мәліметтерді біріздендіру және үндестіру дәрежесі мен мүмкіндігін бағалау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | қорытынды |
| 3.1.5. Электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалау тәсілдерін келісу | 2015 жылғы шілде-тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 3.1.6. Мемлекеттік реттеудің мынадай:<br>кедендік реттеу;<br>валюталық реттеу;<br>салықтық реттеу;<br>кедендік-тарифтік реттеу;<br>тарифтік емес реттеу;<br>техникалық реттеу;<br>саниатриялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шаралар;<br>қаржылық (банктік, сақтандыру) қызметтер көрсету;<br>көлік және тасымалдау;<br>зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау салаларындағы электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | қорытынды |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.2. Өзара тану мақсатында, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардағы, сондай-ақ Одақ аумағында ресімделетін электрондық құжаттарда қамтылған мәліметтерді біріздендіру және үндестіру | | | |
| 3.2.1. Халықаралық стандарттар негізінде құрылған Одақтың деректер моделі негізінде элекрондық құжаттарда қамтылған, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті, мемлекеттік реттеудің мынадай:<br>кедендік реттеу;<br>валюталық репттеу;<br>салықтық реттеу;<br>кедендік-тарифтік реттеу;<br>тарифтік емес реттеу;<br>техникалық реттеу;<br>саниатриялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шаралар;<br>қаржылық (банктік, сақтандыру) қызметтер көрсету;<br>көлік және тасымалдау;<br>зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау салаларындағы құжаттардағы мәліметтерді біріздендіру және үндестіру | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері |
| 3.3. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті электрондық құжаттарды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ресімдеуіне және пайдалануына көшу | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.3.1. Одақ құқығына кіретін актілерде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті электрондық құжаттардың форматы мен құрылымын міндетті түрде бекіту туралы ережелерді бекіту | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, государства-члены | Одақ органдарының актілері |
| 3.3.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытуға әсер ететін, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге және пайдалануға байланысты, Одақтың құқығына кіретін актілердің жобаларын келісуді үйлестіру тәртібін айқындау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері |
| 3.3.3. Комиссия мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау процесінде электрондық нысанда ұсынылатын ақпараттар тізбесін айқындайтын жағдайларды анықтайтын халықаралық шартты әзірлеу | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Халықаралық шарт жобасы |
| 3.3.4. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті, мемлекеттік реттеудің мынадай:<br>кедендік реттеу;<br>валюталық реттеу;<br>салықтық реттеу;<br>кедендік-тарифтік реттеу;<br>тарифтік емес реттеу;<br>техникалық реттеу;<br>саниатриялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шаралар;<br>қаржылық (банктік, сақтандыру) қызметтер көрсету;<br>көлік және тасымалдау; | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері, мүше мемлекеттердің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау салаларындағы электрондық құжаттарды ресімдеу және пайдалану бөлігінде Одақтың құқығына кіретін актілер мен мүше мемлекеттердің заңнамасына өзгерістер енгізу | | | заңнамасына өзгерістер енгізу |
| 3.5. Сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін бірегей сәйкестендіруді қамтамасыз ету тәртібін белгілеу | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 4. Ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру | | | |
| 4.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктері шеңберінде мүдделі тұлғалары мен мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау рәсімдерін біріздендіру | | | |
| 4.1.1. Одақтың құқығына кіретін актілер мен мүше мемлекеттердің заңнамасын мүдделі тұлғалардың мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ( немесе) уәкілетті ұйымдарымен "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуі шеңберінде осындай органдарға және (немесе) ұйымдарға мәліметтер беру кезінде (бұдан әрі – B2G рәсімдері) ақпараттық өзара іс-қимыл жасауын көздеу бөлігінде талдау | 2015 жылғы шілде-тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 4.1.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі жобаларды қамту саласына енгізілген B2G рәсімдерінің тізбесін | 2015 жылғы шілде-тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |

| | | | |
|---|---|---|---|
| жаңартып отыру бойынша ұсыныстарды дайындау | | | |
| 4.1.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі жобаларды қамту саласына енгізілген B2G рәсімдерін іске асыру туралы есептерді дайындау | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия, мүше мемлекеттер | есептер |
| 4.1.4. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуі шеңберінде B2G рәсімдерін біріздендіру үшін басымдар тізбесін жаңартып отыру бойынша ұсыныстар дайындау | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 4.1.5. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуі шеңберінде B2G біріздендірілетін рәсімдерін регламенттеу | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 4.1.6. Ұлтүсті деңгейде белгіленетін, біріздендірілген талаптарға сәйкес " бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуі шеңберінде "B2G рәсімдерін іске асыру | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | іс-шаралар жоспарлары ( ұлттық), есептер |
| 4.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуі шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау рәсімдерін оңтайландыру | | | |
| 4.2.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуі шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау процестерін талдау | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 4.2.2. "Бірыңғай терезе" тетігін дамыту жөніндегі жобаны қамту саласына енгізілген, ведомствоаралық | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ақпараттық өзара іс-қимыл жасау рәсімдерінің тізбесін жаңартып отыру (бұдан әрі - G2G рәсімдері) | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | рәсімдердің жаңартылған тізбесі, мүдделі органдардың тізбесі |
| 4.2.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі жобаларды қамту саласына енгізілген G2G рәсімдерін іске асыру туралы есептерді дайындау | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия, мүше мемлекеттер | есептер |
| 4.2.4. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі жобаларды қамту саласына енгізілген G2G мемлекеттік рәсімдерін оңтайландыру бойынша ұсыныстар дайындау | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия, мүше мемлекеттер | ұсыныс |
| 4.2.5. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі тәсілдерді жақындастыру шеңберінде мүше мемлекеттерде қолдану үшін "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамыту жөніндегі жобаларды қамту саласына енгізілген G2G үлгілік жобаларын іске асыру бойынша ұсынымдар дайындау | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 4.2.6. Осы жоспардың 4.2.5.- тармағында көрсетілген ұсынымдарға сәйкес G2G рәсімдерін іске асыру | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | іс-шаралар жоспарлары ( ұлттық), есептер |
| 4.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тартылған, Одақ шеңберіндегі ортақ процестерді оңтайландыру және іске асыру | | | |
| 4.3.1. Одақтың құқығы мен мүше мемлекеттердің | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| заңнамасына "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктері арасындағы мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер енгізу қажеттігін айқындау бөлігінде талдау жүргізу | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп, Одақ органдарының актілері |
| 4.3.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау процестеріне (Одақ шеңберіндегі жалпы процестерге) мониторинг жүргізу | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 4.3.3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің өзара іс-қимыл жасау қамтамасыз ету бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесін жаңартып отыру жөнінде ұсыныстар дайындау | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия, мүше мемлекеттер | жалпы процестердің жаңартылған тізбесі, Одақ органының актісі |
| 4.3.4. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тартылған Одақ шеңберіндегі жалпы процестерді регламенттеу | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | технологиялық регламенттер, Одақ органының актісі |
| 4.3.5. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тартылған жалпы процестерді іске асырудың нысаналы салалары шеңберінде Одақ деректерінің моделін дамыту | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | деректердің формальдандырылған моделі, деректер моделінің сипаттамасы, Одақ органының актісі |
| 4.3.6. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуін | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қамтамасыз етуге тартылған Одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру | 2015 жылғы желтоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | техникалық құжаттама, актілер |
| 4.4. Мүдделі тұлғалардың "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін пайдалану рәсімдерін оңайлату | | | |
| 4.4.1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін пайдалану кезінде мүдделі тұлғалар арасындағы өзара іс-қимыл жасау процестері мен рәсімдерін талдау | 2015 жылғы қыркүйек | Комиссия, мүше мемлекеттер | есеп |
| 4.5. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін қалыптастыру және дамыту | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері |
| 5. Ұғымдық аппаратты қалыптастыру | | | |
| 5.1. Негізгі бағыттарды іске асыру кезінде пайдаланылатын терминдер глоссарин әзірлеу | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 6. Іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық тетік (басқару тетігі) | | | |
| 6.1. Басқару тетігінің ұйымдастырушылық құрылымын әзірлеу және бекіту | | | |
| 6.1.1. Басқару тетігінің ұйымдастырушылық құрылымының әрбір құрауышының (бұдан әрі – ұйымдастырушылық құрылымының басқарушылық элементі) рөлін, функцияларын, өкілеттіктерін сипаттай отырып, регламентті, ережелерді әзірлеу | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері |
| 6.1.2. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін құру және дамыту жөніндегі | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| іс-шаралар жоспары мен жобасын іске асыруды стратегиялық және тактикалық басқаруды жүзеге асыратын тұлғалардың өкілеттіктерін айқындау | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері |
| 6.2. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде " бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыс тобын ( бұдан әрі – жұмыс тобы) құру | 2015 жылғы III тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері |
| 6.2.1. Басшыларын, ұйымдастырушылық құрылымның басқарушылық элементтерін қоса алғанда, жұмыс тобының құрамын айқындау | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 6.2.2. Жұмыс тобының жанынан тақырыптық сарапшы топтарды құру | 2015 жылғы шілде - тамыз | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 6.3. Мүше мемлекеттердің Негізгі бағыттарды іске асыруға жауапты уәкілетті органдарды айқындауы | 2015 жылғы III тоқсан | мүше мемлекеттер | мүше мемлекет үкіметінің актісі |
| 6.4. Мүше мемлекеттердің іс-шаралар жоспары мен осы жоспарды іске асыруға уәкілетті үйлестіруші (кеңесші) органдарды құруы | 2015 жылғы III тоқсан | мүше мемлекеттер | мүше мемлекет үкіметінің актісі |
| 7. Ұйымдастырушылық мәселелер | | | |
| 7.1. "Бірыңғай терезе" тетігін көпшілікке танымал ету: Негізгі бағыттарды және іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша БАҚ-пен жұмыс істеу, ашық пікірсайыстарды, семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | конференцияларды ұйымдастыру, анықтамалық ақпарат шығару, мақалалар дайындау, жинақтар, брошюралар шығару |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7.2. Негізгі бағыттарды және іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жасалған жұмыс туралы есептерді дайындау және жариялау | 2015 жылғы IV тоқсан | Комиссия, мүше мемлекеттер | ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі Одақ сайтына жариялау |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК